

Thermaltake Riing Plus 20 RGB желдеткіші

Желдеткіштерді орнату

1. Желдеткіштерді радиаторға орнатыңыз.
2. Желдеткіш кабелін контроллерге қосыңыз.
3. DIP-ауыстырғышына контроллер нөмірін суреттегі комбинацияларға сәйкес орнатыңыз.
4. Контроллер кабелін аналық платаға (USB 2.0 9-pin) және контроллерге қосыңыз.
5. Қуат кабелін 4-pin Molex ағытпасына және контроллерге қосыңыз.
6. Егер Сіз екі немесе одан да көп контроллерді қосқыңыз келсе, қосылу үшін көпір кабелін қолданыңыз.

Жиынтықтама

- A. Желдеткіш.
- B. Контроллер.
- C. Контроллер кабелі.
- D. Көпір кабелі.
- E. Қуат кабелі.
- F. Қысқа бұранда.
- G. Ұзын бұранда.
- H. Жабысқақ.

Riing Plus RGB бағдарламалық қамтамасыз етуді басқару интерфейсі

Бағдарламалық қамтамасыз етуді Thermaltake ресми сайтынан жүктеп алыңыз. Ресми сайтта іздеуге «Riing Plus RGB» деп жазыңыз.

ОЖ үйлесімділігі: Windows 7 / 8 / 8.1 / 10.

Riing Plus Fans бағдарламалық қамтамасыз етудің интерфейсі.

- A-1. Профильді баптау: профильді таңдаңыз және жарықтандыру режимін орнатыңыз, содан кейін баптауларды сақтау үшін «Сақтау» (A - 3) белгішесін нұқыңыз.
- A-2. Контроллер профилін сақтау: профиль мен контроллерді таңдаңыз, содан кейін контроллерге профиль тағайындау үшін «Сақтау» белгішесін басыңыз.
- B. Контроллер нөмірін орнату үшін орнату нұсқаулығының 3-қадамын орындаңыз.

- С. Жарықтандыру режимі: көшіретін (жарықтандыру алдыңғы баптауларға сәйкес жұмыс істейді) / толық жарықтандыру / жарық музыка / ағын / RGB спектрі / пульсация / жыпылықтау / импульстік / толқын / қиылысқан / температуралық (түс температураға байланысты өзгереді) / құлама жұлдыз.
- С-1. Жарықтындаруды таңдау: жарықтандыру, түсі мен жылдамдығын баптау.
 - Жарық режимі: жарық режимін таңдаңыз.
 - Түс режимі: жарық диодтарының түсін таңдаңыз.
 - Артқы жарық жылдамдығы: жарық диодты жарық жылдамдығын орнатыңыз.
 - Жарық диодтарының реңктері мен түстерінің палитрасы: түстер палитрасын басу арқылы әр жеке жарық диодының түсін таңдаңыз.
 - Дайын: баптауларды сақтаңыз.
 - Жарық диодты әдепкі бойынша күйге дейін келтіріңіз.
 - Жарықтық: жарықдиодты жарықтың жарықтығын баптау үшін жүргіргіні жүргізіңіз.
 - Қосу/Өшіру жарық диоды: қосу немесе өшіру үшін жарықдиодты жарықтандыру белгішесін басыңыз.
 - Түс коды: жарық диодының түсін баптау үшін қызыл, жасыл немесе көк оңдық кодтарды қосыңыз.
- С-2. Желдеткішті қосу/өшіру: егер желдеткіш контроллерге қосылмаған болса, пайдаланушы желдеткіштің айналу жылдамдығын басқару функциясын және бағдарламалық қамтамасыз етудегі жарық диодын өшіре алады.
- С-3. Ашылмалы тізім: басқасын таңдау үшін құрылғы атауын басыңыз.
- С-4. Ескертулер: мұнда ескертуді енгізіңіз.
- D-1 және D-2. Құрылғыны таңдау тақтасы: алға шығару үшін басқару тақтасын басыңыз.

Мобильді қосымшаға қосылуға арналған пароль: Riing Plus RGB қосымшасын қосу үшін компьютерді сымсыз желіге қосыңыз, содан кейін бағдарламалық қамтамасыз етуді баптау мәзіріндегі «Парольді» басыңыз және қосылу үшін парольды орнатыңыз. Riing Plus RGB қосымшасы қосымшаны іске қосқан сайын сіздің пароліңізді сұрайды.

Қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз: www.thermaltake.com

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Тэрмалтэйк Тэкнолоджи Ко., Лтд.

5F, № 185, Сек. 2, Тидин бульвары, Нэйху ауданы, Тайбэй қ., Тайвань (Қытай).
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.